

## **БЕКІТЕМІН:**

Астана қаласы әкімдігінің

«Әдістемелік орталық»

МҚҚҚ басшысының м.а.

С. Дауешова

2022 ж.



## **«Шығармашылық кітапханашы – 2022» қалалық конкурсының қағидалары**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы «Шығармашылық кітапханашы – 2022» қалалық конкурсының қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мемлекеттік білім беру үйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Астана қаласының жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарының (бұдан әрі – білім беру үйымдары) кітапханашылары арасында «Шығармашылық кітапханашы – 2022» қалалық конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) өткізу тәртібін айқындайды.

3. Конкурсты өткізу нысаны – онлайн.

### **II. Конкурстың мақсаты мен міндеттері**

4. **Мақсаты:** білім беру үйымдары кітапханашыларының инновациялық тәжірибесін анықтау және тарату, кітапханашылардың кәсіби шеберлігін дамыту және ынталандыру.

#### **5. Міндеттері:**

- 1) кітапханаларда жұмыс істейтін кітапханашыларды қолдау;
- 2) кітапхана қызметінің тәжірибесін қолдау және тарату;
- 3) оқушылардың оқу белсенділігін қалыптастырудагы кітапханалардың рөлін арттыру;
- 4) кітапхана қызметінің ақпараттық сапасын жақсартуға бағытталған жетілдірілген жаңа буын кітапханасының тұтас бейнесін қалыптастыру;
- 5) шығармашылық идеяларды қолдау, олардың шығармашылық әлеуетін ашу және белсенділігін арттыру;

6) заманауи білім беру процестерінің ерекшеліктерін ескере отырып, кітапхана дизайнын әзірлеу.

### **III. Қағидаларда қолданылатын ұғымдар**

6. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) конкурстың қазылар алқасы – «Шығармашылық кітапханашы – 2022» қалалық конкурсының (бұдан әрі – қазылар алқасы) жеңімпазын анықтау үшін Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚҚ (бұдан әрі – Әдістемелік орталық) бұйрығымен құрылады;

2) жұмыс органды – конкурс өткізуге жауапты ұйым – Әдістемелік орталық;

3) конкурсқа қатысушы – осы Қағидаларға сәйкес конкурсқа қатысуға құжаттарды ұсынған білім беру ұйымы кітапханасының қызметкері;

4) презентация – PowerPoint, Word мәтіндік бағдарламасында жасалған шығармашылық кітапханашының қызметін дамыту жоспары (материалдар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады);

5) марапаттау – Диплом, конкурсты жеңіп алған білім беру ұйымының шығармашылық кітапханашысына тапсырылады.

7. «Менің арманымдағы кітапхана», «Болашақ кітапханасы» тақырыбындағы эссе (A4 форматы, кегль-14, қаріп - Times New Roman, жоларалық интервал – 1; сол жақ жиегі – 2,5 см, он жақ жиегі – 1,5 см; колонтитулдар – 2,5 см; абзацтық шегініс (бірінші жолдың шегінісі) – 1,25 см. (жұмыстың көлемі 500 сөзден аспауы тиіс).

### **IV. Байқауға қатысушылар**

8. Байқауға келесі критерийлерге сәйкес келетін шығармашылық кітапханашылар қатыса алады:

- 1) штаттағы білім беру ұйымының кітапхана қызметкері;
- 2) конкурсқа қатысушының жұмыс өтілі кемінде үш жыл.

### **V. Конкурсты ұйымдастыру**

9. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін конкурстың жұмыс тобы мен қазылар алқасы құрылады.

10. Жұмыс тобының және қазылар алқасының мүшелері Әдістемелік орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі.

11. Қазылар алқасының мүшелері әдіскерлер, жоғары оку орындарының кітапхана қызметкерлері, кәсіптік конкурстардың женімпаздары, Астана қаласы Білім басқармасының қызметкерлері, Астана қаласы бойынша білім беру қызметкерлерінің кәсіптік одағының қызметкерлері, «Өрлеу» БАУО АҚ-ның Астана қаласы бойынша Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының қызметкерлері, әдіскерлер, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатарынан құрылады.

12. Комиссия мүшелерінің саны кемінде жеті адам болуға тиіс.

13. Жұмыс органды конкурс өткізілгенге дейін он бес күн бұрын Астана қаласының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы ақпаратты жариялады, сондай-ақ Интернет-ресурстарында орналастырылады.

14. Жұмыс органды:

1) конкурстың материалдардың тізбесін айқындайды, оларды ресімдеуге қойылатын талаптарды, бағалау критерийін;

2) өткізу орны, уақыты, нысаны және тәртібін әзірлейді.

15. Конкурстың қазылар алқасы:

1) конкурстың I кезеңінің материалдарын қарайды және конкурстың екінші кезеңіне қатысу үшін үздік жұмыстарды іріктейді;

2) қатысып отырған мүшелердің көпшілік даусымен конкурстың екінші кезеңіне қатысуға ұсыну туралы шешім қабылдайды;

3) қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді;

4) конкурстың II кезеңін бағалайды және женімпаздарды анықтайды;

5) шешім қатысып отырған мүшелердің көпшілік даусымен қабылданады;

6) қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді;

7) женімпаздарды марапаттауды жүзеге асырады.

16. Конкурс тапсырмаларын бағалауды қазылар алқасының мүшелері критериалды жүйе бойынша тиісті бағалау парактарына сәйкес жүзеге асырады. Қазылар алқасының әрбір мүшесі бағалау парактарын хатшыға тапсырады. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді.

17. Конкурстың екінші кезеңінің қорытындылары Астана қаласының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ конкурс аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Әдістемелік орталықтың сайтында орналастырылады.

18. Конкурсқа қатысу үшін 2022 жылғы 30 қарашаға дейін Әдістемелік орталықтың prof.konkurs2019@mail.ru электрондық поштасына келесі құжаттар:

- 1) білім беру ұйымының басшысы куәландырған осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысу үшін өтінім;
- 2) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес «Мениң арманымдағы кітапхана», «Болашақ кітапханасы» тақырыбында конкурсқа қатысушы тарапынан жазылған эссе;
- 3) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес конкурсқа қатысушының кітапханалық қызметін дамыту жоспары ұсынылады.

19. Конкурстық материалдар көрсетілген ретпен жинақталуы тиіс.

20. Белгіленген мерзімнен кеш жұмыс қабылданбайды. Қойылған талаптарды бұза отырып, орындалған материалдар қаралмайды. Конкурс материалдарына кері байланыс берілмейді және қайтарылмайды.

## **VI. Конкурсты өткізу тәртібі**

21. Конкурс кезеңдері:

Конкурс екі кезеңнен тұрады:

I кезең 2022 жылғы 01-05 желтоқсан аралығында өтеді. Қазылар алқасы: Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес конкурсқа қатысушының эсмесін қарайды және бағалайды.

22. Қалалық конкурстың I кезеңін сәтті өткен қатысушылардың тізімі Әдістемелік орталықтың сайтында орналастырылады.

II кезең: Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес 2022 жылғы 12 желтоқсанда конкурстың I кезеңін сәтті өткен қатысушылар тарапынан Кітапхана қызметін дамыту жоспарын қорғау.

## **VII. Конкурс қорытындысы**

23. Конкурс нәтижелері бойынша конкурстың қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды (1, 2, 3 орын).

24. Жеңімпаздар дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады.

25. Конкурс нәтижелері Конкурс аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Астана қаласының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ Білім басқармасының және Әдістемелік орталықтың интернет-ресурстарында орналастырылады.

«Шығармашылық кітапханашы – 2022» қалалық конкурсына қатысуға  
**Өтінім**

Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Мен өзім туралы келесі мәліметтерді хабарлаймын:

1. Жұмыс орны \_\_\_\_\_
2. Т. А. Ә. толық \_\_\_\_\_
3. Туган күні, айы, жылы \_\_\_\_\_
4. Лауазымы \_\_\_\_\_
5. Педагогикалық еңбек өтілі \_\_\_\_\_
6. Лауазымдағы жұмыс өтілі \_\_\_\_\_
7. Білімі (қай оқу орнын, қашан, қандай факультет бітірген, диплом бойынша мамандық) \_\_\_\_\_
8. Біліктілік санаты \_\_\_\_\_
9. Тұратын мекенжайы \_\_\_\_\_
10. Байланыс телефоны (үй, ұялы) \_\_\_\_\_

Өтінімді толтыру күні \_\_\_\_\_

Конкурсқа қатысушының жеке қолы \_\_\_\_\_

Білім беру үйімі басшысының қолы \_\_\_\_\_

М. О.

## **2-қосымша**

Эссе бойынша бағалау парағы  
(Дескриптордың әр тармағы үшін 1 балл қосылады)

**Қазылар алқасының мүшесі:** \_\_\_\_\_

**Қатысушиның Т. А. Ә.** \_\_\_\_\_

Эссе құрылымының сақталуы:

- кіріспе;
- тезис, дәлелдер (2 б.);
- қорытынды. Тақырып пен мәселенің толық ашылуы (2 б.);
- тақырыпқа сәйкестік (1 б.);
- негізгі проблеманы анықтау (1 б.);
- шығармашылық және сынни ойлау. Ақпараттандыру, елдегі және әлемдегі соңғы оқиғаларды білу (3 б.);
- тақырыпты ашудың өзектілігін анықтау (2 б.);
- мәселеге өз бағасын беру (1 б.);
- мысал келтіру. Мазмұндау логикасы, сауаттылық (2 б.);
- мазмұндау реттілігі (1 б.);
- жазбаша тілдің сауаттылығы (1 б.);
- шығармашылық (1 б.);
- мәтіннің бірегейлігін тексеру (плагиатқа тексеру) 80% дейін (1 б.).

Жоғары балл саны - 18.

**Қазылар алқасының мүшесі:**

---

(Т. А. Ә.)

---

(қолы)

### **3-қосымша**

Қазылар алқасы мүшелерінің  
Кітапхана қызметін дамыту жоспары бойынша  
бағалау парағы  
(Әр компонент үшін 1 балл қосылады)

Конкурсқа қатысушының Т. А. Ә.

- 
1. Ұсынылған Кітапхана қызметін дамытудың жоспарының өзектілігі:
- білім беру кеңістігі: оқушының, мұғалімнің және кітапхананың рөлі;
  - инновацияны енгізу;
  - кітапхананың материалдық-техникалық базасын дамыту;
  - проблемалар және шешу жолдары.